



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 22 маусым

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев Шетелдік инвесторлар кеңесінің шеңберінде бірқатар кездесулер өткізді

Бүгін Астана қаласында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышевтың Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің Президенті сэр Сума Чакрабартимен және «Шығыс Еуропа-Түркия-Израиль» Citi өңірінің жетекшісі Марк Луэмен екіжақты кездесулері өтті, олардың барысында ынтымақтастық перспективалары, жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатының өзекті мәселелері, сондай-ақ Қазақстанның қаржы нарығындағы ағымдағы жағдай талқыланды.

Бұл кездесулер Шетелдік инвесторлар кеңесінің 30-шы пленарлық отырысының шеңберінде өтті. «Болашақ энергиясы» тақырыбындағы 30-шы пленарлық отырысының мақсаттары Қазақстандағы жаңа энергетиканың дамуына байланысты міндеттерді шешу және Қазақстандағы инвестициялық ахуалды жетілдіру жөнінде ҚР Үкіметіне ұсынымдар әзірлеу болды.

Шетелдік инвесторлар кеңесі ҚР Үкіметі мен шетелдік инвесторлар арасындағы олардың елдегі инвестициялық қызметіне және инвестициялық ахуалды жақсартуға байланысты проблемалық мәселелерді шешу бойынша тікелей қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін Мемлекет басшысы төрағалық ететін бірегей алаң болып табылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz